

**№5 «Шаттық» КМҚК мектепке дейінгі ұйым
Мектепалды «Ақ желкен» тобының ата-аналар жиналысының
Хаттама 1**

Қатысқандар - 10 ата-ана
Қатыспағандар - 12

17.09.2024 жыл

Күн тәртібі:

- 1.« Бала басты байлығымыз, Ал ең асылымыз оның тәрбиесі» мектепалды «Ақ желкен» тобында 2024-2025 оқу жылының күн тәртібімен ұйымдастырылған іс әрекет кестесімен таныстыру
2. Ата-аналарды көтеріңкі көңіл- күймен қарсы алу мектепке дейінгі ұйым психологі : Касимова А
3. Ата-аналармен әуезді ойын «Логоритмика»
4. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» «Жеке қауіпсіздік ережелерімен таныстыру» презентация тәрбиеші: А.Ш.Құдайбергенова
- 5.Мектепке дейінгі ұйым материалдық базасымен және балаларға берілетін тағам түрлерімен таныстыру, мектепке дейінгі ұйым меңгерушісі: З.Ш.Ерназарова
6. «Сұрақ-жауап» шарларды жару арқылы сұрақтарға жауап беру
Тәрбиеші: Х.М.Кистаубаевна

Тыңдалды:

Ата-аналар топ бөлмесіне нейро жаттығулардағы суретерді қайталау арқылы келді, шеңберге отырып «Логоритмика» ойынын ойнап бір сергіп алды.

Шығып сөйлегендер:

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі Құдайбергенова Айгүл Шадманқызы «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» «Жеке қауіпсіздік ережелерімен таныстыру» презентация арқылы таныстырды. Жалпы біртұтас тәрбиесі үш шарттан тұрады Қай істің болмасын өнуіне үш шарт бар:

Ең әуелі- ниет керек

Одан соң-күш керек

Одан соң- тәртіп керек Мұхтар Әуезов

Президентіміз 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында атап өткендей еліміздің болашақтағы сұлбасын «**Әділ Қазақстан-Адал азамат-Озық ойлы ұлт**» қалыптастырды. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын ұйымдастыру жанарту арқыла ұйымдастырамыз. Ата-аналарға мектепке дейінгі ұйымның күн тәртібі таныстырылды «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бағытында күнделікті бүлдіршіндерді күмбірлеген күймен қарсы алып «Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру,

шығармашылық дағдыларды қалыптастыру, қабылдау барысында және үнемі күй қою, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру. Таңғы жаттығулармен балаларды сергітіп алып еліміздің әнұранын айтып, таңғы асқа отырамыз. Таңғы асты ішіп болған соң ұйымдастырылған іс-әрекеттер басталады балаларды кешіктірмей себепсіз балабақшадан қалдырмауға тырысыңыздар. Мектепалды тобы болғандықтан бағдарламада балаларды әріптермен, дыбыстармен, сөз және сөйлемдермен қолды жазуға үрету және 10-ға дейін тура және кері санау түрлі ойын іс-әрекеттері арқылы жүзеге асады. Ұлттық ойындарға басымдық беріліп отыр және жеке қауіпсіздік шараларын күнделікті балаларға айтып және бейнероликтер арқылы көрсетіп отырамыз бала денсаулығы мен оның өмір қауіпсіздігі ең маңызды. «Менің қауіпсіздігім» - жол қозғалысы ережелерін, тұрмыстағы, қоғамдық орындардағы, табиғаттағы өмірлік қауіпсіздік негіздерін, төтенше жағдай кезінде қауіпсіз мінез-құлық ережелерін үйретуге баулимыз. Балаларды қабылдау бөлмесінде апталық дәйек -сөздер жазылып тұрады. «Ұрпақ ұлттық ойынмен шыңдалады» - балалармен ұлттық ойындарды ойнау. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру

Шығып сөйлегендер:

Мектепке дейінгі ұйым материалдық базасымен және балаларға берілетін тағам түрлерімен таныстыру, мектепке дейінгі ұйым меңгерушісі: З.Ш.Ерназарова келген ата-аналарға мектепке дейінгі ұйымның материалдық базасын презентация арқылы таныстырды. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бағытында жұмыстар жүргізілетінін атап айтып өтті. Мектепке дейінгі ұйым сапалық құрамын таныстырып өтті. Топтардың аты ауыстырылды мектепалды «Ақ желкен» тобына сәттілік тіледі. Мектепке дейінгі ұйым театр бағыты бойынша жұмыс жасайды және «Ақ желкен тобы» «Жасыл желек» жобасы бойынша жұмыс жасайды. Ән әуез залы, асхана, медбике бөлмелеріне сплит система орнатылды. Осы уақыт аралығында мектепке дейінгі ұйым ғимаратының сырты әрленді. Есіктерге москитная сетка салынды, барлық топтарға балар жуынатын поддон алынды. Жазғы сауық кезеңіне байланысты балаларға үлкен алаңға билборт, көлеңке жасалды. Балабақшаға қажетті саты алынды, топтарға және дәліздерге кілем алынды. Жылу маусымына 100 пайыз дайынбыз қажетті элеватор, счетчик, разеткалар ауыстырылды. Алтыншы топқа беседка жасалды және барлық құммен ойнайтын шатырлы ойын алаңы жаңартылды құмдары ауыстырылды. Ыстық тағам түрлерімен таныстырды, сорттық құралдар және А-4 қағаз алынды.

Шығып сөйлегендер:

«Сұрақ-жауап» шарларды жару арқылы сұрақтарға жауап беру

1. Балаңыздың бойындағы қандай қасиетті бағалайсыз?
 2. Балаңыз бос уақытында немен айналысады?
 3. Балаңыздың ең жақын досы кім?
 4. Балаңыз болашақта кім болғысы келеді?
 5. Балабақшаны үш сөзбен сипттаңыз?
 6. Балаңыздың мінезінде қандай өзгерісті байқадыңыз?
 7. Сіз балаңыздың болашақта кім болғанын қалайсыз?
 8. Балаңызға балабақша ұнай ма?
 9. Сізге тәрбиешілер тарапынан балаңыз басқа баланы ұрды деген шағым түссе қандай жағдайда болар едіңіз?
 10. Балаңызға ризашылығыңызды қалай білдіресіз
- Осы сұрақтар бойынша барлық ата-ана жауап берді.

Балаңызға балабақша ұнай ма? Әрине ұнайды ұнағасын сонау Наурыздан келіп жүрміз, мектепке шақырып жатыр сонда да бармай осында келіп жүрміз.

Балабақшаны үш сөзбен сипттаңыз?

Балабақша материалдық жағынан да тәрбиелеу жағынан да жалпы баламен жұмыс жасау жағынан да өте жоғары бағалаймын өзіме ұнайды

Балаңызға ризашылығыңызды қалай білдіресіз?

Жаным балапаным, ботақаным, қошақаным мен сені жақсы көремін деп еркелетемін балама деген махабатым өте күшті.

Сізге тәрбиешілер тарапынан балаңыз басқа баланы ұрды деген шағым түссе қандай жағдайда болар едіңіз?

Ондай жағдаймен кездесеппін баламның жүрегі өте жұмсақ Жантөрені жақсы көріп көмектесіп жүреді, егер ондай жағдай кедесіп жатса әрине кешірім сұраймын.

Жиналыстың қорытындысы: Ата-аналар комитеті болып Сардарова Жадыра және көмекші ретінде Абилова Айдәурен сайланды Балаларды уақытылы алып келу, алып кету, ата-анаға жүктелетін міндеттерді орындау. Ата-аналардың сұрақтары, ой-пікірлері тыңдалып, талқыланды.

Хатшы. Ходжахметова М.

Өткізілген күні: 17.09.2024 ж.

Сардарова Жадыра
Абилова Айдәурен